

Тұрғын үй құрылымы жинақтары жүйесі саласындағы әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылым министрінің м.а. 2024 жылғы 5 ақпандағы № 46 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 6 ақпанда № 33973 болып тіркелді

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы З-тармағының 2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Тұрғын үй құрылымы жинақтары жүйесі саласындағы әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Тұрғын үй құрылымы жинақтары жүйесіне қатысушылардың Қазақстан Республикасы жұмыс күшіне үлесі туралы мәліметтер" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында жергілікті атқарушы органдардың кезекте тұрғандарды "Отбасы банк" акционерлік қоғамымен берген 2% және 5% жеңілдікті қарыздар есебінен тұрғын үймен қамтамасыз ету туралы мәліметтер" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылым министрлігінің Құрылым және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылым вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылым
министрінің міндеттін атқарушы

A. Бейспеков

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылым
министрінің міндеттін атқарушы
2024 жылғы 5 ақпандағы
№ 46 бүйрекіна
1-қосымша

**"Тұрғын үй құрылымы жинақтары жүйесіне қатысуышылардың Қазақстан Республикасы
жұмыс күшіне үлесі туралы мәліметтер" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан**

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылым министрлігінің Құрылымы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетіне ұсынылады.

Әкімшілік деректер нысаны www.mps.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Нысанының атауы: Тұрғын үй құрылымы жинақ ақшасы жүйесіне қатысуышылардың саны.

Индекс: ТҚЖАК-1.

Кезеңділігі: ай сайын.

Есепті кезең: 20 __ жылғы __ айы.

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: "Отбасы банк" акционерлік қоғамы.

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі келесі айдың 25-күнінен кешіктірмей.

Реттік №	Деректер атауы	Саны, адам	Жұмыс күшіне үлесі, %
1	2	3	4
1	Тұрғын үй құрылымы жинақ ақшасы жүйесіне қатысуышылар		

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефон _____

Электрондық поштаның мекенжайы _____

Орындаушы _____

Тегі, аты, экесінің аты болған жағдайда

қолы, телефон

Басшы немесе оның міндеттін атқарушы тұлға

Тегі, аты, экесінің аты болған жағдайда

қолы

Мөрге арналған орын (жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме (индекс - ТҚЖАҚ-1, кезеңділігі - тоқсан сайын)

1. Осы түсіндірме "Тұрғын үй құрылышы жинақ ақшасы жүйесіне қатысушылардың саны" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірынғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды "Отбасы банк" акционерлік қоғамының тиісті құрылымдық бөлімшесі толтырады және Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыш министрлігінің Құрылыш және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетіне ұсынады.

3. Нысанға құрылымдық бөлімшениң жетекшілік ететін басшысы не оның міндетін атқарушы тұлға өзінің тегі мен аты-жөнін көрсете отырып (құрылымдық бөлімше басшысының міндеттерін атқарғаны туралы растайтын құжат болған кезде) қол қояды.

4. Нысан есепті айдан кейінгі келесі айдың 25-күнінен кешіктірілмей беріледі.

5. Нысан мемлекеттік тілде және орыс тілінде толтырылады.

6. Нысан мынадай түрде толтырылады:

1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі;

2-бағанда деректердің атауы көрсетіледі;

3-бағанда тұрғын үй құрылышы жинақ ақшасы жүйесіне қатысушылардың саны көрсетіледі;

4-бағанда тұрғын үй құрылышы жинақ ақшасы жүйесіне қатысушылардың жұмыс күшіне үйлесі көрсетіледі.

Аббревиатураның транскрипциясы:

ТҚЖАҚ-1 - Тұрғын үй құрылышы жинақ ақшасы жүйесіне қатысушылар

Бұйрыққа
2-қосымша

"Қазақстан Республикасының аумағында жергілікті атқарушы органдардың кезекте тұргандарды "Отбасы банк" акционерлік қоғамымен берген 2% және 5% жеңілдікті қарыздар есебінен тұрғын үймен қамтамасыз ету туралы мәліметтер" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыш министрлігінің Құрылыш және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетіне ұсынылады.

Әкімшілік деректер нысаны www.mps.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Нысанының атауы: Қазақстан Республикасының аумағында жергілікті атқарушы органдарда кезекте тұргандар "Отбасы банк" акционерлік қоғамымен берген 2% және 5% жеңілдікті қарыздар есебінен сатып алынған тұрғын үйлердің көлемі.

Индекс: САТҮК-1.

Кезеңділігі: ай сайын.

Есепті кезең: 20 __ жылғы __ айы.

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: "Отбасы банк" акционерлік қоғамы.

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі келесі айдың 15-күнінен кешіктірмей.

Реттік №	Әкімшілік -аумақтық объектілер жіктеуіші бойынша коды	Аймақтың атауы	Сатып алынған тұрғын үйлердің қолемі					
			"2-10-20"			"5-10-20"		
			берілген қарыздар саны	сомасы, млрд. теңге	көлемі, шаршы. метр	берілген қарыздар саны	сомасы, млрд. теңге	көлемі, шаршы. метр
1	2	3	4	5	6	7	8	9
		БАРЛЫГЫ						

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефон _____

Электрондық поштаның мекенжайы _____

Орындаушы _____

Тегі, аты, әкесінің аты болған жағдайда қолы, телефон

Басшы немесе оның міндеттін атқарушы тұлға

қолы

Тегі, аты, әкесінің аты болған жағдайда

Мөрге арналған орын (жеке қасиеттік субъектілері болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)

Нысанға
қосымша

Әкімшілік деректерді жинауга арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме (индекс - САТҮК-1, кезеңділігі - ай сайын)

1. Осы түсіндірме "Қазақстан Республикасының аумағында жергілікті атқарушы органдарда кезекте тұрғандар "Отбасы банк" акционерлік қоғамымен берген 2% және 5% женілдікті қарыздар есебінен сатып алынған тұрғын үйлердің қолемі" әкімшілік деректерін жинауга арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындауды.

2. Нысанды "Отбасы банк" акционерлік қоғамының тиісті құрылымдық бөлімшесі толтырады және Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыш министрлігінің Құрылыш және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетіне ұсынады.

3. Нысанға құрылымдық бөлімшениң жетекшілік ететін басшысы не оның міндетін атқарушы тұлға өзінің тегі мен аты-жөнін көрсете отырып (құрылымдық бөлімше басшысының міндеттерін атқарғаны туралы растайтын құжат болған кезде) қол қояды.

4. Нысан есепті айдан кейінгі келесі айдың 15-күнінен кешіктірілмей беріледі.

5. Нысан мемлекеттік тілде және орыс тілінде толтырылады.

6. Нысан мынадай түрде толтырылады:

1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі;

2-бағанда әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші бойынша коды (ӘАОЖ коды) көрсетіледі;

3-бағанда облыстың атауы көрсетіледі;

4-бағанда есепті құнге 2%-бен берілген кредиттер саны көрсетіледі;

5-бағанда 2%-бен кредиттер бойынша бөлінген сома көрсетіледі;

6-бағанда есепті құнге 2% деңгейінде сатып алған тұрғын үй ауданы көрсетіледі;

7-бағанда есепті құнге 5%-бен берілген кредиттер саны көрсетіледі;

8-бағанда 5%-бен кредиттер бойынша бөлінген сома көрсетіледі;

9-бағанда есепті құнге 5% деңгейінде сатып алған тұрғын үй ауданы көрсетіледі.

Аббревиатураның транскрипциясы:

CATYK-1 - Сатып алған тұрғын үйлердің көлемі